



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 01 (7788)
Жұма,
2 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Жаңалықтар

ШҚО аудандарында ардагерлерге Елбасының жаңажылдық құттықтауы табысталды

Қазақстанда өтіп жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қолдау жөніндегі бірегей акция аясында Аягөз ауданы мен Құрчатов қаласының ардагерлеріне Елбасының жаңа жылдық құттықтауы табыс етілді.

Құрчатов қаласында жұмыс сапарымен болған облыс әкімі Д.Ахметов Ұлы Отан соғысына қатысушы Василий Дубинамен кездесіп, оған ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан жеке құттықтау ашықтатын және жаңа жылдық сыйлығын табыс етті. Василий Дубина Елбасыға және Даниял Кенжетайұлына ерекше ықыласы үшін алғысын білдірді.

Сонымен қатар, Аягөз ауданына акция аясында арнайы барған ШҚО әкімінің орынбасары Д.Мусин Ұлы Отан соғысының ардагері Салих Сабильяновтың үйіне барып, ардагер-қарияны құттықтады. Соғыстың басынан соңына дейін қатысқан ардагер Ленинград майданында болып, соғыста екі рет жараланған. Осы ұрыстарда «Ленинградты қорғағаны үшін» медаліне ие болған. Елбасының ықыласына тәнті болған қария Мемлекет басшысының Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы қарсаңындағы жаңа жылдық құттықтауына алғысын жеткізді.

Осыдан кейін Д. Мусин 92 жастағы ардагер Әбілкерім Темірхановқа Елбасы құттықтауын табыстады. Абай ауданы Архат ауылының тумасы Ә. Темірханов 1941 жылы мектеп бітіргеннен кейін майдан даласына аттанған. Майдан жолдарын орталық майданнан бастап Липецк, Елец, одан кейін Орел-Курск майдандарына қатыса жүріп, 1945 жылы Жеңіс күнін Альпі тауында қарсы алған. Соғыс кезіндегі ерліктері үшін І-ІІ дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» және Югославия үкіметінің «Партизан жұлдызы», «Курск Орловский битва» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Астана» медалімен марапатталған. Құттықтау табысталған ардагерлердің барлығы Елбасыға алғыстарын білдірді. ###

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ АТАҒЫ БЕРІЛДІ

2014 жылы

23 желтоқсанда болған аудандық мәслихаттың XXVIII сессиясының шешімімен Катонқарағай ауданының тумасы, Ұлы Отан соғысының ардагері **Акижанов Қабидолла Акижанұлы** ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін Катонқарағай ауданының **Құрметті азаматы** атағы берілді.



Қабидолла Акижанұлы 1923 жылы 12 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданы Майемер ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, запастағы майор. Ұзақ жылдар Новополяковқа ауылдық Кеңесінің төрағасы болып жемісті еңбек етті. Кейін сауда кәсіпорындарының директоры, «Ульяновка» кеңшарының зоотехнигі және тағы басқа қызметтерді атқарды. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі және бейбіт замандағы қажырлы еңбегі үшін Қабидолла Акижанұлы «ІІ дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Еңбек ардагері», «Қажырлы еңбегі үшін», «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» және басқа да көптеген мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған. Қазір құрметті демалыста. Зайыбы Нұрзағила екеуі тоғыз бала тәрбиелеп, өсірді.

Аудандық мәслихат аппараты.

■ Жалпыұлттық акция

Ардагерлерді ардақтайық

Жаңа жыл қарсаңында бүкіл елімізде Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қолдау бойынша Жалпыұлттық акциясы өтті.

29 желтоқсан күні, осы акция аясында аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов ҰОС ардагері Николай Никоновтың үйіне барып, ҚР Президентінің атынан ардагерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, Елбасы Н.Назарбаевтың атаулы құттықтау хатын, шоқ гүлдер мен сыйлықтар табыс етті.

Николай Никонов биыл өзінің 90-жылдық мерейтойын тойлады. Бекалқа (Фыкалка) ауылының тумасы, ол 1942 жылы соғысқа аттанып, жаяу әскер қатарында Берлинге дейін жетті. 1945 жылы 9 Мамыр - Жеңіс күнін Чехия жерінде қарсы алды. 127-ші мотоатқыштар полкінің құрамында Жапон соғысына да қатысты. Жеңістен кейін тағы үш жыл әскери қызметте болды. Ол «ІІ дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «За Победу над Германией», «За боевые заслуги» медальдарымен марапатталған. 1948 жылы туған жеріне оралып, зейнеткерлікке шыққанға дейін «Верх-Катунь» марал шаруашылығында еңбек етеді. 1979 жылы ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады.

Ардагер жасы ұлғайса да, әлі тың және көңілі көтеріңкі. Бүгінде ол қызының отбасымен Үлкен Нарын ауылында, үш бөлмелі қолайландырылған пәтерде тұрып жатыр. Оның кілтін ардагерге аудан әкімшілігі ағымдағы жылы 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні құрметіне табыс еткен.

Қарт майдангер Елбасына және жергілікті әкімшілікке, әрдайым назардан тыс қалдырмай, қолдау көрсетіп, қолұшын беріп жүргендеріне қуанышты екенін жеткізді.

- Өз басым Елбасына шексіз алғысымды айтамын. Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбегінің арқасында еліміз жылдан-жылға гүлденіп келеді. Осындай



біртұтас, татулығы мен ынтымағы жарасқан мемлекетте өмір сүріп жатқан қазақстандықтардың арманы жоқ. Бейбітшілік үшін, еліміздің ертеңі үшін кеуделерін оққа төсеген біздерді ұмыт қалдырмай, құрмет көрсету - бағасы жоқ игі қадам, келер ұрпақтың есінен мәңгі өшпесі анық, - деді Н.Никонов.

Сөз соңында ақсақал дәстүр бойынша аудан әкіміне өзінің батасын беріп, қызметіне сәттілік тіледі.

Мемлекет Басшысының атынан осындай атаулы құттықтау хаттар мен сый-сияпаттар аудан аумағында тұрып жатқан Ұлы Отан соғысының барлық 14 ардагеріне табыс етілді.

■ Ресми бөлім

ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

25 желтоқсан күні аудан әкімі Қалиқан Байғонұсовтың төрағалығымен аудан әкімдігінің отырысы өтті. Оның жұмысына аудандық мәслихат хатшысы Д.Бралинов, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлімдер мен мекеме басшылары, құқыққорғау органдарының өкілдері, ауылдық округтер әкімдері қатысты.

Әкімдік отырысының негізгі жұмысы басталмас бұрын, шағын футболдан аудан әкімінің жүлдесі үшін өткен чемпионатта жүлдегер атанған спортшыларды грамоталар және ақшалай сыйлықтармен марапаттау рәсімі өткізілді. Бас жүлде - 1 орынды жеңіп алған Солоновқа ауылдық округінің құрама командасына Ауыспалы кубок және 100 мың теңге табыс етілді.

Күн тәртібіндегі Катонқарағай ауданының агроөнеркәсіп кешенінің дамуының 2014 жылғы қорытындылары туралы аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Р.Байгереев баяндама жасады.

Оның айтуынша ауданның ауыл шаруашылығы саласында мал шаруашылығы өнімінің үлесі 70 пайызды құрайды және ол тұрақты даму үстінде. Аудан шаруа қожалықтары мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, өндірістерін өркендетуде, ұсақ шаруа қожалықтарын ірілендіру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, Р.Байгереев «Мал тұқымын түрлендіру» бағдарламасына кейбір ауылдық округтер толықтай қатыспай отырғандарын атап өтті.

Бұл мәселені талқылау барысында аудан әкімі Қ.Байғонұсов өз ойын ортаға салып, аграрлық сектордағы кейбір кемшіліктерді атап, тиісті шаралар белгілеу жөнінде жауапты адамдарға нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ, аудан басшысы мемлекеттік бағдарламаларға сай беріліп жатқан қаржылардың мақсатты жұмсалуды тексеріп отыру бір басқа, жәрдемқаржыны да өндірісті арттыруға, жақсартуға тиімді пайдалануын қадағалау қажет екендігін қадап айтты.

Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Большманова ауданның 2014 жылғы 11 айындағы әлеуметтік – экономикалық дамуының қорытындысы туралы ақпарат берді.

2014 жылғы қаңтар – ақпан айларында аудан әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен кездесу барысында түскен ұсыныстар мен сын ескертпелердің



орындалу барысы туралы аудан әкімінің аппарат жетекшісі Р.Құрмамбаев ақпарат берді. Сонымен қатар, ол бөлімдер мен мекеме басшыларына «Айқын» жобасы аясында жұмыс істеуді тапсырды. Бұл жоба әрбір тұрғынға, бірегей нөмірлі талон арқылы өзінің өтінішінің мемлекеттік органдарда шешілу барысын қадағалау мүмкіндігін береді. Ал осы талондарды бөлім басшылары «Арай»-«Луч» ЖШС-не тапсырыс беріп, алуларына болатынын айтты.

Отырыста өзге де мәселелер қаралды. Барлық қаралған сұрақтар бойынша аудан әкімдігінің тиісті қаулылары қабылданды.

Материалдарды даярлаған: Жанар ҚАСЫМХАНОВА. Сурет автордікі.

Катонқарағай ауданы ауылдық округтері әкімдерінің 2015 жылғы 14 қаңтар - 5 ақпан аралығында халықпен кездесу кестесі

Дипломмен ауылға

Ауылдық округ атауы	Әкімнің аты-жөні	Уақыты	Кездесу өткізілетін орын
Солоновка а/о	Байғонұсов Айбек Владимирович	14.01.15ж сағ. 11-00	Малонарым ауылы, ауылдық клуб
		28.01.15ж сағ. 10-00	Солоновка ауылы, мектеп *
Ново-Поляковка а/о	Байбосынов Сержан Тоқтарбекұлы	14.01.15ж сағ. 14-00	Сенное ауылы, мектеп
		15.01.15ж сағ.10-00	Қаражал ауылы, мектеп
		15.01.15ж сағ. 13-00	Бесүй ауылы, мектеп
		28.01.15ж сағ. 15-00	Новополяковка ауылы, мектеп*
Алтынбел а/о	Жексембаев Қабдырғали Нұрашұлы	15.01.15ж сағ.10-00	Майемер ауылы, ауылдық клуб
		15.01.15ж сағ.12-00	Егінді ауылы, мектеп
		15.01.15ж сағ.15-00	Үштебе ауылы, ауылдық клуб
		04.02.15ж сағ.15-00	Алтынбел ауылы, ауылдық клуб*
Белқарағай а/о	Қалибеков Дәурен Тоқтасынұлы	15.01.15ж сағ.12-00	Топқайың ауылы, мектеп
		16.01.15ж сағ.10-00	Өрнек ауылы, мектеп
		16.01.15ж сағ. 12-00	Сегір ауылы, мектеп
		27.01.15ж сағ.15-00	Белқарағай ауылы, мәдениет үйі*
Өрел а/о	Көбешев Еркін Әмиұлы	16.01.15ж сағ.10-00	Аршаты ауылы, ауылдық клуб
		16.01.15ж сағ.15-00	Еңбек ауылы, мектеп
		29.01.15ж сағ14-00	Өрел ауылы, ауылдық клуб*
Жамбыл а/о	Аманов Әлібек Толықпайұлы	16.01.15ж сағ.12-00	Берел ауылы, ауылдық клуб
		29.01.15ж сағ.10-00	Жамбыл ауылы, ауылдық клуб*
Ақсу а/о	Тоқбаев Мұрат Мырзабекұлы	21.01.15ж сағ.10-00	Жазаба ауылы, мектеп
		21.01.15ж сағ.14-00ч	Ақшарбақ ауылы, мектеп
		30.01.15ж сағ. 10-00	Ақсу ауылы, мектеп*
Коробиха а/о	Тоқпаев Дәулетжан Мырзабекұлы	21.01.15ж сағ.10-00	Үшбұлақ ауылы,ауылдық клуб
		21.01.15ж сағ.12-00	Барлық ауылы, мектеп
		30.01.15ж сағ.15-00	Коробиха ауылы, мектеп*
Аққайнар а/о	Нұрмолдин Рауан Қамбарұлы	22.01.15ж сағ.10-00	Қайыңды ауылы, ауылдық клуб
		22.01.15ж сағ.12-00	Ақмарал ауылы, мектеп
		22.01.15ж сағ.14-00	Қызыл Жұлдыз ауылы, ауылдық клуб
		03.02.15ж сағ.10-00	Аққайнар ауылы, мәдениет үйі*
Катонқарағай а/о	Балтабаев Амантай Балтабайұлы	22.01.15ж сағ.10-00	Мойылды ауылы, мектеп
		22.01.15ж сағ.12-00	Жаңа Үлгі ауылы, ауылдық клуб
		22.01.15ж сағ.14-00	Шыңғыстай ауылы, мәдениет үйі
		22.01.15ж сағ.16-00	Қабырға ауылы,мектеп
		03.02.15ж сағ.15-00	Катонқарағай ауылы, мәдениет үйі*
Новохайрузовка а/о	Мамырханова Лаззат Жұмақанқызы	23.01.15ж сағ.10-00	Приморское ауылы, мектеп
		23.01.15ж сағ.12-00	Алыбай ауылы, ауылдық клуб
		23.01.15ж сағ.15-00	Құндызды ауылы, мектеп
		04.02.15ж сағ. 10-00	Новохайрузовка ауылы, мәдениет үйі*
Үлкен Нарын а/о	Ахметов Абайхан Мағауяұлы	23.01.15ж сағ.14-00	Көктерек ауылы, мектеп
		27.01.15ж сағ.10-00	Свинчатка ауылы, мектеп
		27.01.15ж сағ.12-00	Балғын ауылы, мектеп
		27.01.15ж сағ.14-00	Жұлдыз ауылы, мектеп
		27.01.15ж сағ.16-00	Көкбастау ауылы, мектеп
		05.02.15ж сағ.11-00	Үлкен Нарын, аудандық Мәдениет үйі*
Солдатово с/о	Сивицкая Наталья Васильевна	27.01.15ж сағ.10-00	Солдатово ауылы, мектеп*

Ескертпе: * Кездесуге аудан әкімі қатысады.

Р. Құрмамбаев, аудан әкімі аппаратының басшысы.

ЕҢ БАСТЫСЫ - МАМАНДЫҒЫН СҮЙЕДІ

Газетіміздің өткен сандарында біз ауданымызда әр салада еңбек етіп, кіші Отанымыздың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар жас мамандар жайлы мақалалар жариялағанбыз. Бүгін осы тақырыпты жалғастыра отырып, оқырмандар назарына тағы бір жас маман - Малонарым орта мектебінің ұстазы жайлы айтақпыз.

Азигат Ешекенева Аққайнар ауылының тумасы. Ол 2010 жылы Астана қаласындағы Гуманитарлық колледжді «Мектепалды тәрбиелеу» мамандығы бойынша бітірген. Бұл жерде жұмыс істеп жүрген кезінде Азигат «Дипломмен ауылға» атты мемлекеттік бағдарлама бойынша Малонарым орта мектебіне жұмысқа орналасады. Мұғалімдік қызметке келе салысымен, Азигат жас маман ретінде 126 мың теңге көлемінде көтерме қаржы алып, мектеп әкімшілігімен тиісті келісім-шартқа отырды. Еске салып өтейік, 2009 жылы қабылданған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, жоғарғы оқу орнын тәмамдаған жас мамандар ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген жағдайда, оларға көтерме қаржы мен баспана сатып алуға несие беріледі. Басты шарт – жас маман ауылда бес жыл қызмет етуі тиіс.

Еңбек жолын Азигат даярлық тобының тәрбиешісі болып бастады. Өткен жылы ол өз білімін жетілдіру мақсатында Өскемен қаласындағы ШҚМУ-тің «Бастауыш сынып» мамандығы бойынша сырттай оқуға түсті. Биылғы жаңа оқу жылында мектеп әкімшілігі Азигатқа бірінші сыныптың сынып жетекшілігін тапсырыпты. Жас маман бұл жұмысты да сәтті атқаруда. Мінезі өжет бойжеткен кездескен қиындықтардан қорықпайды, оларды тек тағдырдың кезекті сынағы деп түсінеді.

-Мен, әуел баста-ақ, ұстаз боламын деп шешкенмін. Себебі, бұл менің бала күнгі арманым еді. Отбасымда анам ұстаз болып қызмет етеді. Мен бүгін Малонарым орта мектебінде еңбек етіп жүргенім үшін тағдырыма рахмет айтамын. Заманнан бірлігімен танылған еңбек ұжымы менің екінші отбасыма айналды. Жас маман ретінде мені ұстаздар қауымы жылы жүзбен қарсы алды. Олардың көпшілігі ұзақ жылдар педагогика саласында қызмет істеп келе жатқан ерен еңбекті, тәжірибелі, білікті мамандар десем еш қателеспеймін. Бұл білім мекемесінде ұстаздық жолды түбегейлі таңдаған кез-келген жасқа өзін толықтай шыңдауға, жан-жақты көрсетуге қажетті мүмкіндіктер жасалынған. Тек, талмай еңбек етсе болғаны, - дейді А.Ешекенева.

Оның бұл сөздерінен оған ұстаздық мамандықтың ұнайтынын түсіндік. Педагогикалық колледжді қызыл дипломға аяқтаған Азигаттың мектептегі қызметтік аяқалысы да жаман емес. Жұмысқа де-



ген жауапкершілігі мен кәсібилігі үшін мектеп әкімшілігі биылғы жылдың қыркүйегінде Азигатқа екінші біліктілік санатын берген. Бұл Азигаттың қызметіне одан әрмен серпін беріп, сонымен қатар, жалақысының да көтерілуіне ықпал етті.

Мектепте жұмыс істеген азғантай уақыт аралығында жас ұстаздың біршама жетістіктерге қол жеткізгені байқалады. Мектеп өміріне белсене қатысқандығы үшін марапатталған Алғыс хаттарына қоса, даярлық тобындағы шәкірттерінің өткен жылы облыстық «Балапан» байқауындағы жеткен жетістіктері жас маманның жүрегіне жылылық ұялатты.

Өріптестері де біздің кейіпкеріміз туралы жақсы пікір айтты. Олардың айтуынша, Азигат өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ұжымына үлкен құрметпен қарайды және ең бастысы – ол мамандығын сүйеді.

Жас маманның алға қойған ендігі мақсаты – ұстаздық жолда биік кәсіби жетістіктерге қол жеткізу. Болашақта Азигат егемен Қазақстанның еркін ойлы, зияткерлігі жоғары дамыған жас ұрпағын тәрбиелеуді көздейді.

Тимур СМАҒҰЛОВ.
Сурет автордікі.

Тікелей желі

БАҒАНЫ ТЕЖЕУ МАҚСАТЫНДА

25 желтоқсанда «Арай» - «Луч» аудандық газетінің редакциясында кезекті «Тікелей желі» өткізілді. Оқырмандар сауалына кәсіпкерлік, өндіріс және туризм бөлімінің басшысы Алмас Кезембаев жауап берді.

-Инфляциялық үрдістерді тежеу бойынша ауданда қандай жұмыстар атқарылуда?
-Әлеуметтік маңызды тауарлар мен дәрі-дәрмектердің негізгі түрлерінің бағаларының өсуіне жол бермеу мақсатында аудан әкімі мен жеке кәсіпкерлер арасында өнімді саудалауға қосылатын үстеме ақыны 10% арттырмау жөнінде меморандумдар жасалды. Оның ішінде күнделікті тұтынатын әлеуметтік маңызды тауарлардың негізгілері бойынша 164, дәрі-дәрмектерге - 18 және нан-тоқаш өнімдеріне - 18 меморандумдарға қол қойылды.

Бүгінгі күні Үлкен Нарын мен Катонқарағайда екі әлеуметтік дүкен жұмыс істейді, сондай-ақ, ауданның ауылдық округтеріндегі дүкендерде 9 әлеуметтік бөлімдер ашылып, әл-ауқаты нашар тұрғындарға күнделікті тұтынылатын тауарлар 10 пайыздық жеңілдіктермен босатылады.

2014 жылдың басынан бері ауданның наубайшылары нан-тоқаш өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін бірінші сортты 960 тонна әлеуметтік ұнның әрбір килограммын 50 теңгеден сатып алды. Аудан наубайханалары әлеуметтік ұн сатып алу үшін «Защитинский элеватор», «Өскемен ұн тарту комбинаты», «Фарман» ЖШС-лерімен келісім-шарттар жасасты.

Көктем-жаз айларында «Ертіс» АӨК тұрақтандыру қорынан 30 тонна көкөніс әкелініп, саудаланды. Сонымен қатар, кәсіпкер Күлпат Закирова ҚХР-дан 60 тонна жеміс-жидек әкелді.

Еліміздің оңтүстік өңірлері - Алматы облысы мен Алматы қаласынан жеміс-жидек өнімдерін тасымалдау жұмысы реттеліп, келісім-шарттар жасалды.

Өскемендегі «Дина» толайым сауда рыногының өкілдері ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында жеміс-жидек сатуды ұйымдастырды.

-Орта және шағын бизнесті қолдау үшін не істелініп жатыр?
-Өңірде 287 сауда нысандары, оның ішінде 252 дүкен, 8 ЖҚС, 18 дәріхана, 2 бөлшек сауда рыноктары, сондай-ақ, 25 қоғамдық тамақтану кәсіпорындары мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы бойынша 22 кәсіпорын жұмыс істейді.

Шағын және орта бизнесті алдағы уақытта дамыту мақсатында 2014 жылдың 17 маусымында Үлкен Нарында ШҚО «ФРП ДАМУ» Аймақтық филиалының жанындағы «Даму» Кәсіпкерлікті қолдау орталығы» ашылып, жұмыс істеуде.

Кеңес беру қызметтері көрсетілген соң, өз істерін ашуға ниет білдірушілер мен кәсіпкерлер облыс орталығындағы екінші деңгейлі банктерде несиелер ресімдейді.

- Туризмді дамыту үшін қандай жұмыстар атқарылуда?
- «Катонқарағай ауданында туризмді дамыту» бағдарламасы аясында бұл саланы дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылуда. Өңірде «Рахман қайнарлары» және «Нұр бұлақ» шипажайлары, 11 пантымен емдеу мекемелері, 12 дәмхана, 3 мейрамхана, 1 панты және бал өнімдерін өңдеуші («Ақсу ДЭЭН» АҚ) фармацевтік цех, 2 автобекет, 1 өткел жұмыс істейді.

2013 жылы аудандағы тірек елдімекендерінде 2 дүкен, 2 дәріхана, 2 ТҚС, 1 стоматология, 1 қымызхана, 1 наубайхана, Катонқарағайда 2 жолаушылар түнейтін үй ашылды.

2014 жылы төмендегідей жобалар жүзеге асырылды:

-Катонқарағай ауылында (ЖК Нигметов Аян) мейрамхана ашты;

-Катонқарағай ауылында (Б. Қажкенова) бір қонақ күтетін аула ашты.

Болашақта өңірге туристердің келуін қамтамасыз ететін 30 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Олардың ішінде Топқайың ауылында туристік-сауықтандыру кешенін құру, Бұқтырма су қоймасының жағалауында 40 орындық демалыс базасының құрылысы бойынша, Катонқарағайда сауықтандыру кешенін ашу және олардың ең ірісі - Үлкен Нарында әуежай құрылысының жобаларын атап өтуге болады.

Өрел, Берел, Жазаба, Ақмарал ауылдарының маңында гидттің жол көрсетуімен демалушылар үшін атпен және жаяу серуендеу маршруттары, қолөнер шеберлерімен кездесу ұйымдастырылады. Мұнда туристер кәдесыйлық өнімдер сатып ала алады. Жергілікті тұрғындарды туристерге қызмет көрсетуге және қонақ үйлер ұсыну арқылы ауылдық туризмді дамытуға, азық-түліктерін саудалауға тарту мақсатында белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында, туризмнің тиімді түрін тұрақты дамытудың факторы ретінде ауданның мәдени, тарихи, табиғи әлеуетін дамытуға және сақтап қалуға мүмкіндік беретін «Алтай - Алтын таулар» трансшекаралық маршруты әзірленген.



Қош келдің, Жаңа жыл!



Жылдың өнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Бақша іші мереке,
Ойын күлкі асқақ өн.
Жақсы әпкелер жаңа кеп,
Мерекені бастаған.

Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқар тау, қарлы шың.

Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп

Аяз Ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.
Қайда қызық болса думан,

Аяз Ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын жаңа-жыл.
Ата-әже, ата-әже,
Құтты болсын жаңа жыл.

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жол болсын.

Фибратты ертегілер

Жолдағы кедергі

Баяғы заманда бір патша сарайға кіретін жолдың үстіне үлкен тас қойдырып, өзі терезеден бақылап отырыпты. "Көрейік не болады екен?..."

Елінің ең бай саудагерлері, ең күшті керуеншілері, сарай қызметшілері жолда келе жатып тасты айналып өтіп, ешнәрсе істемей кіріп кетеді. Кейбіреулері тасты көріп дауыстап тұрып патшаны сөге бастайды. "Халықтан қаншама салық жинайды бірақ жолдарын таза ұстай алмайды..." т.б.

Осы кезде бір ауыл шаруасы сарайға жеміс, көкөніс алып келе жатып, жол ортасындағы тасты көргенде, арқасынан жүгін жерге қойып, екі қолымен тасты итере бастайды. Қатты қиналып, қара терге батады, ақыры соңында тасты жолдың шетіне ығыстырып қояды. Жүгін қайтадан асынып жатқанда тастың жатқан жерінен бір қалта көреді.

Алып ішін ашады... Қалташық алтынға толы болады. Ішінен патшаның жазған хатын көреді: "Бұл алтын, тасты жолдан алған адамға берген сыйлығым. Патша."

Осылайша бұл шаруа бүгінгі күні де көпшіліктің онша мән бере бермейтін мәселелерінде адамдарға дәріс берді. Мұның сыйапатын дүниеде артығымен алды.

Байдың шұлығы

Өте бай кісі өлімінің жақындағанын сезгенінде баласын жанына шақыртып, ең маңызды өсиетін айтыпты. «Балам мені мазарға шұлығыммен көміңдер!» депті. Баласы түсінбегенімен жарайды деп қабыл етеді. Әкесі қолына тағы бір хат береді. «Мен өлгеннен кейін бірінші қиналған кезінде хатты ашып оқы!» дейді.

Күндер өтіп ажалы келген әкесі жан тапсырады. Ал бұл кезде баласын бір ой мазалап жүреді. «Мен енді әкемді шұлықтарымен бірге қалай көмемін...» Қанша молдаға, имамға барса да алғаны бір жауап «жоқ, дінімізде ондай нәрсе болмайды!». Бала шарасыз отырғанда есіне әкесінің «бірінші қиналған кезінде ашып оқы» деп берген хаты түседі. Дереву хатты тауып оқиды. Хатта былай жазылған болады:

«Балам байқағаныңдай мен мұнша бай болсам да, өзіммен бірге бір шұлықты да алып кете алмадым. Енді қалғанын өзің ойлан...»

ОЙЛАН, ТАП!



ЖҰМБАҚТАР



Көкке шаншып құйрығын,
Келеді шауып жүйрігім?

Басында екі таяғы бар,
Төрт аяғы бар,
Сегіз тұяғы бар,
Иегінде сақалы бар.

Жауымнан мен қашқанда,
Ағаштарға самғап бағам.
Ал қарыным ашқанда,
Отырып ап жаңғақ шағам.

Бізде күшік бар?..
Менде де бар – бір
мысық,
Сенде де бар – бір
мысық.

Менде бар да көк күшік,
Сенде мүлде жоқ күшік.
Бізде: қанша мысық
бар?

Бізде: қанша күшік бар?
Шешуін тез таба алсаң,
Сен мендегі күшікті ал!

Ал олардың әрқайсысының алдында үш
мысықтан тағы отыр.
Сонда бұл белмеде қанша мысық бар?



Суреттерді әдемілеп боя!



ТУҒАН ЕЛ ТАБИҒАТЫН ҚОРҒАЙЫҚ



Табиғат - адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі, адам денсаулығының сақшысы, жанға дауа, шипагер. Табиғат – адамзатпен біртұтас дүние. «Таза болса табиға, аман болар адамзат» - деп ақын Фариза Оңғарсынова жырлағандай, табиғаттың тазалығы, адамзат денсаулығының мықты болуының кепілі. Адамзат пен табиғат тығыз байланысты. Қоршаған ортаның таза болуы өсімдіктердің өсуін, жануарлардың тіршілік етуін жақсартса, адамдардың амандығын,

көтеріңкі көңіл - күй мен күш-қуатта болуына да септігін тигізеді. Сол себепті қоршаған ортаның бүгінгі жайы мен келешектегі күйін ойлау, оған қамқор бола білу - әрбір саналы азаматтың міндеті. Осы орайда, Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Аршаты орманшылығының атқарып жатқан жұмыстары аз емес. Ұлттық парк міндеттерінің бірі келер ұрпаққа экологиялық тәлім-тәрбие беру. Жас буынды табиғатты сүюді, аялауды, қамқорлыққа алуды, туған өлкенің табиғатымен таныстыруды мақсат ете отырып, жыл сайын мектеп

оқушыларына экологиялық сабақтар, әңгімелер, семинарлар өткізіп отырамыз. Биылғы жылы Аршаты орта мектебінде оқитын оқушыларға «Қазақстанның Қызыл кітабы», «Жер киелі ұғым», «Қазақстандағы ұлттық парктар мен қорықтар», «Мемлекеттік орманқорын күзету және қорғау», «Туған жердің табиғи ескерткіштері», «ҚР Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер мен жануарлар», «Орманды өрттен сақтайық» сынды тақырыптарда әңгіме, сабақтар өткіздік. Оқушылар экологиялық сабақтарға белсене қатысып, өз ойларын ортаға салып, туған жер табиғатының баға жетпес байлығын қорғау адамзат қолында екенін түсіне отыра, келесі өтетін экологиялық сабақ тақырыбында өздері тандапта береді.

Табиғатқа мейірімділікпен, қамқорлықпен қараса, адамзат баласы үшін табиғат – мәңгі тозбас құтты қоныс болмақ. Өз мақаламды «Табиғаттың байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі. Бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз» - деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың асыл сөзімен аяқтағым келеді.

Ж.Аманбаев,
Катонқарағай МҰТП
Аршаты орманшылығының
орманшы көмекшісі.

Тамаша табиғатқа тұнған Алтай Керемет бір хош иісі бар жұпардай Ежелден қасиетті саналатын Өлкенің мақтанышы-балқарағай. Бұл ағаш саналады «Сықырлы ағаш» Орманның падишасы «Сауын ағаш» Дәндері дертке дауа, тәнге шипа Тір үйірер дәміне болмас талас. Балқарағай бүрі де қасиетті Шипалы, жазып берер талай дертті. Қадірін, қасиетін білген ерте Ерекше қастерлеген қазақ жұрты. Көркем табиғатқа әр беріп, өзінің жап-жасыл түрімен ерекшеленіп тұратын балқарағай ағашының Алтай халқы үшін алатын орны да ерекше. Қасиетінің

бірі - қаншама нәсер жаңбыр жауса да, оның түбіне су тимейді екен. Сондығымен пана болатын ағаш. Балқарағай жаңғағы өте бағалы, құнарлы, колориясы жоғары, дәмділігімен ерекше. Ағашының мықтылығымен аса құнды материал. Алтай тауынан басқа жерлерде көп кездесе бермейді. Осындай қасиетті ағаштың ең бір басты жауы өрт. Балқарағай шайырлы болғандықтан оның лап етіп жануы да өте тез. Ағаш атаулының қадірлісі балқарағайдың қадірін түсіне білу әр азаматтың қасиетті борышы. Сондықтан да әр саналы адам жаз, күз кездерінде өртке өте сақ болғаны жөн.

М. Елшібеков,
Медведка орманшылығының инспекторы.



Құрметті Ұлы Отан соғысының арқагерлері!

Сіздерді шын жүректен Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз!

2015 жылдың мамырында бүкіл еліміз қаһарлы үні, қанды ізі әлі күнге сезіліп тұрған Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеді. Отан үшін от кешіп, ұлы сүргіннің қақ ортасында болған, соғыстың барлық қайғы-қасіретін бастан кешкен Сіздерге Жаңа жыл зор денсаулық, қуаныш әкелсін!

Отбасыларыңызда, балаларыңыз бен туған-туысқандарыңыздың қамқорлығына, құрметіне бөленіңіздер! Сіздерге Ұлы Жеңістің 70 жылдығын көтеріңкі көңіл-күймен атап өтуге жазсын!

Құрметпен: Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің атынан - Катонқарағай аудандық Қорғаныс істері бөлімі.

АУА РАЙЫ

2 қаңтар,
Жұма,
Түнде -15, -16
Күндіз -7, -9



4 қаңтар,
Жексенбі,
Түнде -25, -27
Күндіз -19, -21.



3 қаңтар,
Сенбі,
Түнде -11, -13
Күндіз -14, -15



5 қаңтар,
Дүйсенбі,
Түнде -23, -24
Күндіз -17, -20.



Тікелей желі

Құрметті аудан тұрғындары!



2015 жылдың 8 қаңтарында сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін «Тікелей желі» арқылы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қалиахметов Бидихмет Қожахметұлына және жұмыспен қамту орталығының директоры Елубаева Сәуле Зарлыққызына өз сауалдарыңызды 8723-41-2-11-53 (аудандық «Арай» «Луч» газетінің редакциясы) жолдай аласыздар. Сауалдарды алдын ала да 2-19-79, 2-90-60 телефондары арқылы жолдауға болады.

Хабарландыру

1990 ж.ш. ГАЗ-53 (самосвал) автокөлігі сатылады. ТЖЖ. Дөңгелектері жаңа. Моторы күрделі жөндеуден өткен. Сондай-ақ, 1982 ж.ш. ЮМЗ-6 тракторы КУН-мен бірге сатылады.
Тел. 2-01-40; 87715495346; 87757839970; 87025850734.

Аудандық Ішкі Істер органдарының ардагерлер ұйымы Ішкі Істер органдарының ардагері **Қабдығалиев Баймұхамбет Сейтмұхамбетұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Майемер орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Қатшыбаева Ботагөзге әкесі **Кәсенов Абдолланың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ



Таяуда Үлкен Нарын ауылындағы «Алтай» спорт кешенінде 1999-2003 жылдары туылған ұлдар арасында ҚР Тәуелсіздік күніне арналған шағын футболдан аудандық жарыс өтті. БЖСМ ұжымы мен аудандық Жастар орталығы біріге ұйымдастырған аталмыш жарысқа Үлкен Нарын, Катонқарағай, Солоновка, Балғын, Малонарым ауылдарынан 9 команда қатысты. Жарыс бастал-

мас бұрын Жастар орталығының ұйымдастырушысы Б.Базарханов спортшыларды келе жатқан айтулы мерекемен құттықтап, ойындарына сәттілік тіледі. Жарыстың бас төрешісі Еркінбек Батырханов командаларға ойын шарттарын түсіндірді.

Сонымен жарыс қорытындысы бойынша I орын - Солоновка, екінші – БЖСМ-1, үшінші орынды Малонарым командасы иеленді. Жекелей аталымдар бой-

ынша: «Үздік бомбардир» - Артем Петров (Солоновка), «Үздік қорғаушы» - Ерасыл Кенжеқанов (Катонқарағай), «Үздік қақпашы» - Ерік Әбішев (Солоновка), «Үздік шабуылшы» - Дастан Мәжітов. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар атынан арнайы грамоталармен марапатталды.

Өз тілшіміз.

Еске алулар



2015 жылдың 2 қаңтарында Ішкі Істер органдарының подполковнигі, жоғарыкәсіби полиция қызметкері, жақсы тәлімгер, сенімді дос **Можанов Қасымжомарт Қабдешұлы** көзі тірі болса, 70 жасқа толар еді... Ұзақ жылдар бойы құқыққорғау органдарында еңбек ете жүріп, ол бұл қызметтің барлық сатысынан - қатардағы милиционер-қарауылшыдан Большенарым аудандық Ішкі Істер бөлімі бастығының орынбасарлығына дейін көтерілді.

Алматыдағы ҚазМУ-дің заңгерлік факультетін, Қарағандыдағы КСРО ІІМ жоғары мектебін бітірді, Глубокое, Үлбі, Марқакөл, Тарбағатай және Большенарым АІІБ-де жауапты қызметтерді атқарды.

III дәрежелі «Мүлтіксіз қызметі үшін» медальдарымен, ШҚО ІІД Құрмет грамотасымен, «Кеңестік милиция үздігі» төсбелгісімен және басқа да марапаттауларға ие болды.

Ол 67 жасында, 2012 жылы дүниеден озды... Можанов Қасымжомарт Қабдешұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

ІІБ ардагерлері мен достарының атынан - запастағы полиция полковнигі Талғат Қолдыбаев.

Катонқарағай ауылының тумасы, аяулы жар, ардақты әке болған **ТҰРДЫҒОЖИН ҚАЙРАТ** арамызда жүрсе, 28 желтоқсанда 36 жасқа толар еді. Ама! не, сұм ажал оны осыдан тура бір жыл бұрын алып кетті. Бір жыл өтті сен жоқсың арамызда, Бір жыл өтті сағынып, жылағалы. Нұрлы бейнең сақтаулы санамызда, Жүрек тағы өзің деп соғады әлі. Жан әкем, қамқор әкем, асқарым - ай, Өте шықты-ау өмірің қас-қағымдай.

Ұл-қызыңның қызығын көрер шақта, Жер қойнына тағдырдың тастауын-ай. Қалдырмаушы-ең бізді ешқашан қасыңнан, Сендей ешкім сипаған жоқ басымнан. Зар еңіреп қалдық әке артында, Кетуің де болды-ау бізге тосыннан. Өзіңізді әр күн сайын сағынышпен еске аламыз. Иманыңыз жолдас, жаныңыз жәннатта болсын.
Еске алушылар: зайыбы-Назым, балалары - Мирас, Жансая.

Директор-редактор

Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Нұрзада Исабаева

Құрылтайшы:

ШҚО Қаржы басқармасы.
Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

Телефондар:

Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail. ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді.

Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3.
Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индекс: «Арай» 6 айға - 19230, 12 айға - 19231; «Луч» - 6 айға -19232 12 айға - 19233.** Нөмірдің таралымы - 3118 дана: «Арай»-1810, «Луч»-1290.
№ 5691 тапсырыс.